



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 53 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2012 жылғы 24 желтоқсан**

***«Умная игра» телевизиялық зияткерлік
жобасының қорытындылары туралы***

2012 жылғы 23 желтоқсанда «Умная игра» телевизиялық зияткерлік жобасының ақтық ойыны өтті, оның жеңімпазы ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті Олжас Төлеуов айқындалды.

Жеңімпазға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Магистратурасында оқуға грант тапсырылды.

Олжас Төлеуов қаржы мен экономика саласында тамаша білім көрсетіп, соңғы ойынға сенімді түрде жетті. Оның бизнес-жоспары қазылар алқасының бірауыздан қабылдаған шешімімен Қазақстанның жағдайлары үшін барынша өзекті әрі бейімделген деп танылды.

«Умная игра» тележобасына Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындарының 300-ден астам студенттері қатысты. Қазылар алқасының құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдері және қаржы нарығының жетекші сарапшылары кірді.

Тележоба халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру шеңберінде іске асырылды және оның негізгі міндеті дарынды жастарды анықтау, қолдау және дамыту, олардың өзін-өзі көрсетуі, кәсіби айқындалуы үшін жағдайлар жасау болып табылады.

«Умная игра» телевизиялық зияткерлік жобасы «НТК» республикалық телевизиялық арнасының эфирінде 2012 жыл бойы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолдауымен шықты.

Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:
+7 (727) 270-46-39, +7 (727) 2596 833; E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz